

"2010-2012 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы" Жамбыл облыстық мәслихатының 2009 жылғы 11 желтоқсандағы № 19-3 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Жамбыл облыстық мәслихатының 2010 жылғы 06 қыркүйекте N 27-2 Шешімі. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2010 жылғы 08 қыркүйектегі 1753 нөмірімен тіркелді. Шешімнің қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Жамбыл облыстық Әділет департаментінің 2013 жылғы 11 наурыздағы N 2-2-17/388 хаты)

Шешімнің қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Жамбыл облыстық Әділет департаментінің 2013 жылғы 11 наурыздағы N 2-2-17/388 хаты)

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 106-бабы 2-тармағының 1-тармақшасына, Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К.Мәсімовтың 2010 жылғы 23 тамыздағы № 20-64/3408 тапсырмасына сәйкес және полиомиелиттің таралу қауіпі жағдайын болдырмау мақсатында облыстық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. «2010-2012 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Жамбыл облыстық мәслихатының 2009 жылғы 11 желтоқсандағы №19-3 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1737 болып тіркелген, 2010 жылғы 12 қаңтарында № 3-4 «Ақ жол» газетінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

1 қ о с ы м ш а д а :

«Шығындар» бөлігінің 05 «Денсаулық сақтау» функционалдық тобының 253 «Облыстың денсаулық сақтау басқармасы» бюджеттік бағдарламалардың ә к і м ш і с і н д е :

020 «Диабет ауруларын диабетке қарсы препараттармен қамтамасыз ету» бағдарламасы жолындағы «324 200» сандары «320 279» сандарымен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

027 «Халыққа иммунды алдын алу жүргізу үшін вакциналарды және басқа иммундық-биологиялық препараттарды орталықтандырып сатып алу» бағдарламасы жолындағы «347 197» сандары «351 118» сандарымен а у ы с т ы р ы л с ы н .

2. Осы Шешім Әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күшіне енеді және 2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа

енгізіледі.

*Облыстық мәслихат
сессиясының төрағасы
С.БЕГЕЕВ*

*Облыстық мәслихаттың
хатшысы
Ә. ӘСІЛБЕКОВ*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК